

## Арқалық қаласын жылу маусымына дайындау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 қыркүйек N 1284

Арқалық қаласын 1999-2000 жылдардың жылу маусымына дайындау мақсатында  
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі зандарда белгіленген тәртіппен Қостанай облысының әкіміне Арқалық қаласын 1999-2000 жылдардың жылу маусымына дайындауды қамтамасыз ету үшін 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражат есебінен 100 (жүз) милион тенге бөлсін.

2. Қостанай облысының әкімі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қаражатты Арқалық қаласының "Арқалық ЖЭО" (бұдан әрі - Кәсіпорын) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының алдында қарыздары бар бюджеттік үйымдарына олардың кәсіпорын алдындағы берешегін өтеуі үшін бөлуді;

2) Кәсіпорынның осы қаулыға сәйкес алатын қаражатын "Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Кәсіпорынның көрсетілген респубикалық мемлекеттік кәсіпорын алдындағы берешегін етеу үшін аударуын қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны осы

қаулыға сәйкес Кәсіпорыннан алғынған қаражатты толық көлемде республикалық бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі өз берешегін өтеуге бағыттасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының вице министрі Б.Б.Жемішевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

## Қазақстан Республикасының

## Премьер-Министр

## Оқығандар:

Кобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК